



Берлі ауданы бойынша нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Берлі ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 шілдеде № 661 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 20 тамызда № 7-3-134 тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Берлі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 ақпандағы N 100 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Берлі ауданы әкімдігінің 16.02.2015 N 100 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарың басшылыққа ала отырып, еңбек нарығындағы жағдай мен бюджет қаражатына қарай, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Берлі ауданы бойынша нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін.

2. "Батыс Қазақстан облысы Берлі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. О. Мырзагалиевке жүктелсін.

Аудан әкімі *М. Тусупкалиев*
Берлі ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 26 шілдедегі
№ 661 қаулысына
қосымша

Берлі ауданы бойынша нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

1. Жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органның жолдамасы бойынша кәсіби білім алған жұмыссыздар;

2. Бір жылдан астам жұмыс істемеген адамдар;
3. Жұмыссыз ретінде уәкілетті органда тіркелгендер.
4. Жоғары оқу орындарының және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері жазғы демалыс кезеңінде.

Ескерту. Қосымша 4 тармақпен толықтырылы - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 31.05.2013 № 505 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).